

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижесі

I. Кіріспе бөлім

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтау, талдау және бағалау жөніндегі қызметі болып табылады.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің объектісі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің объектісі – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің

«Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК (бұдан әрі – Мекеме) қызметі.

Мониторингтің негізгі міндеті – Мекеменің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметін зерделеу және бағалау.

Жарғыға сәйкес, Мекеме мәдениет саласында қызмет атқарады, тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, зерделеу, қорғау, сақтау және насихаттау жұмыстарын жүзеге асырады. Мекеме мемлекеттік сектор субъектісіне жатады.

2. Мониторинг жүргізілген құрылымдар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг Мекеменің барлық құрылымдық бөлімшелерінде жүргізілді.

3. Мониторинг жүргізу кезеңі

Мониторинг 2025 жылғы қаңтар айында басталып, 2025 жылғы 19 желтоқсанда аяқталды.

4. Бақыланатын кезең

2025 жыл.

II. Ақпараттық-талдамалық бөлім

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 6-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесіне мыналар жатады:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- заңнамалық және ішкі құжаттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру және сақтау;
- қаржылық бақылау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Заңның 9-бабының 4-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы іс-шаралар арқылы қалыптастырылады.

Мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ұстанымын қалыптастыру, адалдық пен сатылмаушылықты мінез-құлық нормасына айналдыру арқылы жүзеге асырылады.

Осы мақсатта:

- жыл сайын қызметкерлерге арналған жалпыға бірдей құқықтық оқыту бағдарламасы бекітіледі;
- бекітілген кестеге сәйкес оқу сабақтары өткізіледі;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормалары түсіндіріледі.

Бақылау кезеңінде 5 сыбайлас жемқорлыққа қарсы дәріс өткізілді.

Сонымен қатар, 2025 жылғы қазан айында «Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті» ТБН-4 жобасы аясында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің өкілімен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

2. Заңнамалық және ішкі құжаттарға жүргізілген мониторинг

Мекеме бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырмайды және мемлекеттік қызметтер көрсетпейді.

Бақылау кезеңінде Мекеменің қызметін реттейтін ішкі (жергілікті) нормативтік құжаттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді.

Нәтижесінде:

- дискрециялық өкілеттіктер;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға ықпал ететін нормалар анықталған жоқ.

Мекемеде мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы мен қолданыстағы қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

Сонымен қатар:

- іскерлік этика қағидалары енгізілген;
- барлық лауазымдарға лауазымдық нұсқаулықтар бекітілген;
- қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері нақты айқындалған.

Мониторинг нәтижелері лауазымдық нұсқаулықтарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындататын нормалар жоқ екенін көрсетті.

3. Қаржылық бақылау

Мекеменің барлық қызметкерлері жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларацияларды заңнамада белгіленген мерзімде тапсырды.

Мемлекеттік сатып алу туралы ақпарат, қаржылық есептілік және аудит нәтижелері Мекеменің ресми интернет-ресурсында уақтылы жарияланады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

Заңның 12-бабында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің бұзылу фактілері анықталған жоқ, оның ішінде:

- мемлекеттік функцияларға сыйыспайтын қызметпен айналысу;
- жақын туыстардың бірлесіп қызмет атқаруы;
- қызметтік ақпаратты жеке мақсатта пайдалану;
- қызметтік міндеттерді орындауға байланысты сыйлықтар алу.

5. Мүдделер қақтығысы

Заңның 15-бабына сәйкес, мүдделер қақтығысын реттеу Мекеменің іскерлік этика қағидаларымен және өзге де ішкі құжаттарымен регламенттелген.

Бақылау кезеңінде мүдделер қақтығысының туындау фактілері анықталған жоқ.

6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және құқықтық статистика

Бақылау кезеңінде:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар анықталған жоқ;
- құқықтық статистика органдарында Мекемеге қатысты деректер тіркелмеген;
- уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан әкімшілік немесе қылмыстық іс жүргізулер қозғалмаған.

Бұл Мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарының сақталуын және алдын алу шараларының тиімді іске асырылып отырғанын көрсетеді.

7. Қоғамдық бақылау және кері байланыс

Мониторинг аясында:

- бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- «сенім» телефонына түскен қоңыраулар;
- жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- азаматтарды қабылдау журналы зерделенді.

Нәтижесінде:

- сыбайлас жемқорлық сипатындағы шағымдар мен өтініштер тіркелмеген;
- БАҚ-та жағымсыз жарияланымдар анықталған жоқ;
- кері байланыс тетіктері тиімді жұмыс істейді.

8. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет және мемлекеттік сатып алу

Кадрлық, тәртіптік, сыйақы тағайындау, іссапарға жіберу және еңбек демалысын рәсімдеу мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2025 жылы мемлекеттік сатып алулар заңнама талаптарына сәйкес, ашықтық және заңдылық қағидаттарын сақтай отырып жүзеге асырылды. Сатып алуларға қатысты шағымдар түскен жоқ.

III. Қорытынды бөлім

Жүргізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері бойынша

Мекемеде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының туындауына ықпал ететін тәуекелдер анықталған жоқ.

Осыған байланысты Мекеме:

1. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, прокуратураның, құқық қорғау органдары мен қоғамдық ұйымдардың өкілдерін тарта отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастыруды;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелері бойынша Мекеме қызметкерлері арасында тұрақты негізде түсіндіру жұмыстарын жүргізуді ұсынады.